

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлік қоғамы

Зейнетақы Схемасының Активтері
*міндетті зейнетақы жарналары, міндетті
кәсіптік жарналар және ерікті зейнетақы
жарналары есебінен қалыптастырылған*

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілік және
Тәуелсіз Аудитор Есебі

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Мазмұны

Беті

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН
ЖАУАПҚЕРШІЛІК ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ

1

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

2-4

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК:

Пайда мен шығын туралы есеп

5

Таза зейнетақы активтері туралы есеп

6

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп

7

Таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есеп

8

Қаржылық есептілікке ескертулер

9-46

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Зейнетақы Схемасының Активтері

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін жауапкершілік жөніндегі

Басшылық Мәлімдемесі

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Қор») басшылығы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі №195 қаулысымен бекітілген «Зейнетақы активтері бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және жария ету» қаржылық есептіліктің стандартына (бұдан әрі – «ҚЕС») сәйкес зейнетақы активтерінің 2025 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, сол күні аяқталған жыл іші қызмет нәтижелері, ақша қаражатының қозғалысы мен таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер шынайы көрсететін қаржылық есептілікті дайындауға жауапты. ҚЕС зейнетақы активтерінің қаржылық есептілігін есепке алу мен дайындауға қойылатын белгілі бір талаптарды белгілейді және ҚЕС реттемейтін мәселелер үшін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының (бұдан әрі – «ХҚЕС») қолданылатынын көздейді. Қаржылық есептілікті жасаған кезде есеп беретін ұйым ретінде Қор «Зейнетақы бағдарламалары бойынша есепке алу және есептілік» ХҚЕС (IAS) 26 сәйкес зейнетақы активтері бойынша «зейнетақы схемасының активтері» (бұдан әрі – «Схема») ұғымын пайдаланады.

Қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық:

- есеп саясаты қағидаларын дұрыс таңдау және қолдануды қамтамасыз етуге;
- ақпаратты, соның ішінде есеп саясаты туралы деректерді мұндай ақпараттың орындылығын, нақтылығын, салыстырымдылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда беруге;
- пайдаланушыларға есептілікті түсіну үшін ҚЕС талаптарының орындалуы жеткіліксіз болғанда, қандай да бір мәмілелер, сондай-ақ өзге де оқиғалар немесе талаптар Схеманың қаржылық жағдайы мен қаржылық нәтижелеріне әсер еткен жағдайларда қосымша ақпаратты ашуға;
- Схеманың өз қызметін келешекте жалғастыру қабілетін бағалауға жауапты.

Сонымен қатар Басшылық:

- Схемадағы ішкі бақылаудың сенімді және тиімді жүйесінің қызметін әзірлеуге, енгізуге және қолдауға;
- Схеманың қаржылық жағдайы туралы ақпаратты кез келген уақытта жеткілікті деңгейдегі дәлдікпен дайындауға және қаржылық есептіліктің ҚЕС талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесін қолдауға;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізуге;
- Схема активтерін сақтауды қамтамасыз ету бойынша мүмкін болатын барлық шараларды қолдануға;
- алаяқтық және басқа да асыра пайдалану фактілерін анықтауға және олардың алдын алуға жауапты.

Осы 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші Схеманың қаржылық есептілігін шығаруға Қор басшылығы 2026 жылғы 5 наурызда бекітті.

Басшылық атынан:

Курманов Жанат Бостанович

Басқарма Төрағасы

2025 жылғы 5 наурыз

Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы



Саринова Аманкүл Жаксылыковна

Бас бухгалтер

2025 жылғы 5 наурыз

Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Акционеріне:

Пікір

Біз 2025 жылғы 31 желтоқсандағы таза зейнетақы активтері туралы есептен, 2025 жыл іші пайда мен шығын туралы, ақшалай қаражат қозғалысы туралы және таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есептерден, сонымен қатар қаржылық есептілікке ескертулерден, соның ішінде есеп саясаты туралы елеулі ақпараттан тұратын «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі - «Қор») Зейнетақы схемасы активтерінің (бұдан әрі - «Схема») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса берілген қаржылық есептілік 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Схеманың қаржылық жағдайын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі №195 қаулысымен бекітілген «Зейнетақы активтері бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және жария ету» қаржылық есептіліктің стандартына (бұдан әрі – «ҚЕС») сәйкес осы күні аяқталған жыл іші қаржы нәтижелері мен ақшалай қаражат қозғалысын барлық маңызды аспектілерде шынайы көрсетеді.

Пікір білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына («ХАС») сәйкес жүргіздік. Аталған стандарттарға сәйкес біздің жауапкершілігіміз есебіміздің «Қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары бойынша кеңестің (Халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) Кәсіби бухгалтерлердің халықаралық әдеп кодексіне («Кодекс») сәйкес жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілігінің аудитіне қолданылатын тәуелсіздік талаптары бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасында жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілігінің аудитіне қолданылатын әдеп талаптарына сәйкес Схемаға қатысты тәуелсізбіз. Сонымен қатар, біз осы талаптарға және Кодекске сәйкес өзге де әдеп міндеттемелерін орындадық. Біздің пікірімізше, біз алған аудиторлық дәлелдемелер пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті әрі тиісті болып табылады.

Маңызды жағдайлар – бухгалтерлік есепке алу қағидаты

Біз есеп қағидаттары келтірілген қаржылық есептілікке 2-ескертуге назар аударамыз. Бұл қаржылық есептілік Схеманың реттеуші органның талаптарын сақтауы мақсатымен дайындалған. Демек, бұл қаржылық есептілік басқа мақсаттар үшін жарамсыз болуы мүмкін. Бұл біздің пікірімізге ескертпе қосуға әкелген жоқ.

«Делойт» атауы «Делойт Туш Томацу Лимитед» (бұдан әрі — «ДТТЛ») құрамына кіретін және бірлесіп «Делойт» ұйымы деп аталатын заңды тұлғалардың (олардың үлестес тұлғаларын қоса алғанда) біреуіне не кез келген санына жатады. «Делойт» халықаралық желісі деп аталатын «ДТТЛ» компаниясы, «ДТТЛ» — ға қатысушы барлық фирмалар және олардың үлестес тұлғаларының әрқайсысы бір-бірінің атынан үшінші тұлғаларға қатысты міндеттемелер қабылдауға құқығы жоқ дербес және тәуелсіз заңды тұлғалар болып табылады. «ДТТЛ» компаниясы, сондай — ақ «ДТТЛ» әрбір қатысушы-фирмасы және әрбір үлестес тұлға бір-бірінің іс-әрекеттері мен олқылықтарына қатысты емес, тек өз іс-әрекеттері мен олқылықтарына қатысты жауапты болады. «ДТТЛ» компаниясы клиенттерге тікелей қызмет көрсетпейді. Толығырақ ақпаратты сайттан білуге болады www.deloitte.com/about.

Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалардың қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық осы қаржылық есептілікті дайындауға және оның ҚЕС сәйкес шынайы ұсынылуына, сонымен қатар басшылықтың пікірінше ықылассыз әрекеттер немесе қателесуден болатын айтарлықтай бұрмалаушылықтары болмайтын қаржылық есептілікті дайындауға қажет болатын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық Схеманың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, қызмет үздіксіздігіне байланысты деректерді тиісті жағдайларда ашып көрсетуге және қызмет үздіксіздігі жорамалы негізінде есептілікті дайындауға жауапты, алайда басшылық Схеманы таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген жағдайларды, немесе оның тарату немесе қызметін тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Схеманың қаржылық есептілігін дайындауын бақылауға жауапты.

Қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына орынды сенімділік алу және біздің пікірімізді қосатын аудиторлық есеп шығару болып табылады. Орынды сенімділік – сенімділіктің жоғары дәрежесі болып табылады, бірақ ол ХАС сәйкес жүргізілген аудит барысында елеулі бұрмалаушылықтар бар болған жағдайда олардың әрдайым анықталуының кепілдігі болып табылмайды. Бұрмалаушылықтар ықылассыз әрекеттердің немесе қателесудің нәтижесінде туындауы мүмкін. Егер бұрмалаушылықтар пайдаланушылардың қаржылық есептілік негізінде қабылдайтын экономикалық шешімдеріне жекеше немесе бірлесіп әсер ете алса, елеулі бұрмалаушылықтар болып есептеледі.

ХАС сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдау қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күмәншілдік сақтаймыз. Бұған қоса, біз келесілерді орындаймыз:

- ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Ықылассыз әрекеттер салдарынан елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелі қателесу салдарынан болатын елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелінен жоғары, себебі ықылассыз әрекеттерге сөз байласу, жалғандық, әдейі қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту арқылы әрекеттер жасау кіруі мүмкін;
- жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдер әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін зерделейміз, бірақ Схеманың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі жайында пікір білдіру мақсатында емес;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;

- басшылықтың қызмет үздіксіздігі жорамалын қолдануының заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде – Схеманың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алатынына елеулі күдік тұдырта алатын оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар немесе жоқ екендігі жайлы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырымға келсек, біз аудиторлық есебімізде қаржылық есептіліктегі тиісті ақпарат ашуға назар аудартуымыз керек, немесе ақпарат тиісті түрде ашылмаған болса, пікірімізде ескертпе жасаймыз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есебіміздің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, келешек оқиғалар немесе жағдайлар Схеманың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылуына әкелуі мүмкін;
- қаржылық есептіліктің жалпы ұсынылуын, оның құрылымын және мазмұнын, соның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ қаржылық есептілікте оның негізі болатын операциялар мен оқиғалардың шынайы көрсетілуінің қамтамасыз етілуін бағалаймыз.

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалармен ақпараттық әрекеттесуді жүзеге асырып, оларды аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері жөнінде, сондай-ақ аудит барысында анықталған елеулі ескертулер, соның ішінде біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы хабардар етеміз.




Олжас Ашұпов
Тапсырма бойынша серіктес
2019 жылғы 10 қаңтардағы
№МФ-0000715 біліктілік куәлігі




Жангир Жилысбаев
«Делойт» ЖШС
бас директоры

Қазақстан Республикасында
аудиторлық қызметпен айналысуға
№0000015 мемлекеттік лицензия,
типi МФЮ-2, Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
2006 жылғы 13 қыркүйекте берген

2026 жылғы 5 наурыз
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Пайда мен шығын туралы есеп

(Қазақстандық мың теңгемен)

	Ескерту- лер	2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Таза пайыздық кіріс	4,19	1,966,719,099	1,558,594,422
Дивидендтік кіріс	5,19	23,843,437	22,103,390
Қаржы активтерімен операциялар бойынша таза (шығын)/ пайда	6,19	(498,297,812)	205,016,028
Шетелдік валютамен операциялар бойынша таза (шығын)/ пайда	7	(166,880,876)	579,288,428
Шетелдік ұйымдардың инвестициялық басқаруындағы активтер бойынша таза пайда	13	451,346,979	1,039,722,711
Қаржы активтерінің құнсыздануына бұрын есептен шығарылған резервтерді қалпына келтіруден, үмітсіз талаптарды есептен шығарудан пайда		2,616,048	81,377
Басқа кірістер		329,889	28,744
Кірістің жиыны		1,779,676,764	3,404,835,100
Комиссиялық шығыстар	8,19	(48,041,767)	(70,055,329)
Шығыстың жиыны		(48,041,767)	(70,055,329)
Жыл ішіндегі таза пайда		1,731,634,997	3,334,779,771

Басшылық атынан:

Курманов Жанат Бостанович
Басқарма Төрағасы

2026 жылғы 5 наурыз
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Саринова Аманкүл Жаксылыковна
Бас бухгалтер

2026 жылғы 5 наурыз
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

9-46 беттердегі ескертулер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Таза зейнетақы активтері туралы есеп

(Қазақстандық мың теңгемен)

	Ескерту- лер	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаты және оның баламалары	9,19	73,265,134	126,950,595
Банктердегі салымдар	10,19	1,116,706,845	696,908,333
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтері	11,19	11,167,022,997	11,992,752,890
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері	12,19	8,285,236,596	4,938,062,193
Шетелдік ұйымдардың инвестициялық басқаруындағы активтер	13	5,252,362,609	4,801,015,629
Басқа активтер		900,201	32,866
Активтер жиыны		25,895,494,382	22,555,722,506
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
РЕПО мәмілелері бойынша міндеттемелер	14,19	675,122,845	-
Зейнетақы төлемдерінің жеке табыс салығы бойынша кредиторлық берешек		4,854,948	6,313,452
Комиссия бойынша кредиторлық берешек		1,883,115	10,478,614
Басқа міндеттемелер		18,011	24,825
Міндеттемелер жиыны		681,878,919	16,816,891
Таза зейнетақы активтері		25,213,615,463	22,538,905,615

Басшылық атынан:

Курманов Жанат Бостанович
Басқарма Төрағасы

2026 жылғы 5 наурыз
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Саринова Аманкүл Жаксылыковна
Бас бухгалтер

2026 жылғы 5 наурыз
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

9-46 беттердегі ескертулер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп

(Қазақстандық мың теңгемен)

	Ескерту- лер	2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ			
Таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер		2,674,709,848	4,674,260,970
<i>Түзетулер:</i>			
Пайыздық кіріс	4,19	(1,966,719,099)	(1,558,594,422)
Дивидендтік кіріс	5,19	(23,843,437)	(22,103,390)
Қаржы активтерімен жасалған операциялар бойынша таза шығын/(пайда)	6,19	498,297,812	(205,016,028)
Шетелдік валютамен жасалған операциялар бойынша таза шығын/(пайда)	7	166,880,876	(579,288,428)
Шетелдік ұйымдардың инвестициялық басқаруындағы активтер бойынша таза пайда	13	(451,346,979)	(1,039,722,711)
Қаржы активтерінің құнсыздануына бұрын есептен шығарылған резервтерді қалпына келтіруден пайда		(2,616,048)	(351,779)
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістер			
Комиссия бойынша кредиторлық берешектің (азаюы)/ұлғаюы		(9,495,330)	5,995,354
Зейнетақы төлемдерінен жеке табыс салығы бойынша кредиторлық берешектің (азаюы)/ұлғаюы		(1,458,504)	3,585,970
Басқа міндеттемелердің (азаюы)/ұлғаюы		(8,377)	13,501
Басқа операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістер		8,329,658	2,989,187
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының келуі		892,730,420	1,281,768,224
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ			
Алынған пайыздар		1,615,301,631	1,362,693,503
Алынған дивидендтер		24,468,411	23,246,982
Банктік салымдардан түскен түсімдер		76,884,392,123	48,185,399,540
Банктік салымдарды орналастыру		(77,304,348,969)	(47,811,114,340)
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтерін сату және өтеу		3,216,716,184	5,776,897,070
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтерін сатып алу		(6,843,953,007)	(8,112,963,791)
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерін сату және өтеу		796,654,553	599,500,261
Шетелдік ұйымдардың инвестициялық басқаруына активтерді орналастыру		-	(1,382,300,450)
РЕПО мәмілелері бойынша операциялардан түскен түсімдер		663,489,581	-
Инвестициялық қызметте пайдаланылған ақша қаражатының жылыстауы		(947,279,493)	(1,358,641,225)
Ақша қаражатының және оның баламаларының таза азаюы		(54,549,073)	(76,873,001)
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	9,19	126,950,595	186,598,128
Валюта бағамдары өзгерісінің ақша қаражаты мен оның баламаларының шамасына әсері		863,612	17,225,468
Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	9,19	73,265,134	126,950,595

Басшылық атынан:

Курманов Жанат Бостанович
Басқарма Төрағасы

2026 жылғы 5 наурыз
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Саринова Аманкүл Жаксылыковна
Бас бухгалтер

2026 жылғы 5 наурыз
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

9-46 беттердегі ескертулер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есеп

(Қазақстандық мың теңгемен)

	Ескерту- лер	2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Жыл ішіндегі таза пайда		1,731,634,997	3,334,779,771
Салымшылар жарналары	15	2,994,128,553	2,663,335,093
Зейнетақы жинақтарының төлемдері	16	(2,051,053,702)	(1,323,853,894)
Таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер		2,674,709,848	4,674,260,970
Жыл басындағы таза зейнетақы активтері		22,538,905,615	17,864,644,645
Жыл соңындағы таза зейнетақы активтері		25,213,615,463	22,538,905,615

Басшылық атынан:

Құрманов Жанат Бостанович
Басқарма Төрағасы

2026 жылғы 5 наурыз
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Саринова Аманкүл Жаксылыковна
Бас бухгалтер

2026 жылғы 5 наурыз
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

9-46 беттердегі ескертулер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер

(Қазақстандық мың теңгемен)

1. Ұйым

Бұл қаржылық есептілік (IAS) 26 «Зейнетақы бағдарламалары бойынша есепке алу және есептілік» Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сай есеп беретін ұйым ретінде зейнетақы схемасының (бұдан әрі – «Схема») активтерін көрсетеді, олар Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы әлеуметтік қорғау туралы заңнамасымен реттеледі, зейнетақы жарналары шоғырланатын және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін белгіленген мөлшердегі жарналарымен зейнетақы схемасын білдіреді.

2023 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі – «Кодекс») қолданысқа енгізілуіне байланысты міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілді өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке жазу мен есепке алуды және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды Қор жүзеге асырады.

Қор – коммерциялық емес ұйым. Қордың жалғыз акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ (бұдан әрі – «ММЖК») арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі.

Кодекске және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен (бұдан әрі – «ҚРҰБ») жасалған 2013 жылғы 26 тамыздағы №362 Зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару бойынша қызмет туралы шартқа сәйкес зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды ҚРҰБ жүзеге асырады.

ҚРҰБ зейнетақы активтеріне қатысты сенімгерлік басқаруды ҚРҰБ Басқармасының 2023 жылғы 23 қазандағы №82 қаулысымен бекітілген, 2024 жылғы 21 қаңтардағы №2, 2024 жылғы 23 қыркүйектегі №55 және 2025 жылғы 21 қазандағы №62 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Инвестициялық декларацияға сәйкес жүзеге асырады. Инвестициялық декларация бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін (бұдан әрі – зейнетақы активтері) инвестициялау мақсаттарын, стратегиясын, инвестициялық шешімдер қабылдау кезінде инвестициялық портфельді басқарушының инвестициялық сенімін, инвестициялау нысандарының тізбесін, зейнетақы активтеріне қатысты инвестициялық қызмет талаптары мен шектеулерін, зейнетақы активтерін хеджирлеу мен әртараптандыру талаптарын анықтайды.

Сонымен қатар ҚРҰБ өзіне сеніп тапсырылған зейнетақы Схемасының активтерін басқаруға қажет іс-әрекетті Инвестициялық басқару келісіміне сәйкес басқа тұлғаға тапсыра алады.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

Кодекске және Қор 2021 жылғы 18 ақпандағы №17/6/18-02-21/н «Halyk Global Markets» АҚ-мен, 2021 жылғы 18 ақпандағы №17/7/18-02-21/н «Alatau City Invest» АҚ-мен (2025 жылғы 4 тамызда «Jusan Invest» АҚ атауының өзгеруіне байланысты қоғамды қайта тіркеу), 2021 жылғы 19 ақпандағы №17/11/19-02-21/н «BCC Invest» АҚ-мен, 2021 жылғы 5 наурыздағы №17/20/05-03-21/н «Сентрас Секьюритиз» АҚ-мен, 2022 жылғы 16 қарашадағы №17/25/16-11-22П «Halyk Finance» Халық банктің ЕҰ-мен жасаған Зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарттарға сәйкес Схема зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушының (бұдан әрі – «Инвестициялық портфельді басқарушы») сенімгерлік басқаруына бере алады.

Міндетті зейнетақы жарналарын Қазақстан Республикасының барлық жұмыс берушісі қызметкерлердің пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін қабылданатын қызметкердің ай сайынғы табысынан 10 % мөлшерінде салады. Міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін бір агенттен қабылданатын ай сайынғы табыс «Республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының заңымен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі жалақының 50 еселенген мөлшерінен аспауы тиіс.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап микро- және шағын, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын жұмыс берушілер үшін салық түзімінің жаңа түрі – бірыңғай төлем (БТ) енгізілді. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 89-1 тарауында көрсетілген БТ құрамында міндетті зейнетақы жарналарын төлеуді таңдаған салық агенттері үшін БТ мөлшерлемесіндегі міндетті зейнетақы жарналарының үлесі 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 42%-ды құрайды. Жеке және заңды тұлғалар да зейнетақы төлемдерін алушылардың пайдасына қосымша ерікті жарналар сала алады.

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жұмыс беруші еңбек жағдайы зиянды жұмыспен айналысатын қызметкерлердің пайдасына өзінің меншікті қаражаты есебінен қызметкердің ай сайынғы табысынан 5 % мөлшерінде салады.

«Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі №169-III заңына сәйкес 2022 жылдан бастап Схема депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілді өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке жазуды және есепке алуды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыруы ортақ және базалық құрамдауыштан, міндетті жинақтаушы және ерікті жинақтаушы құрамдауыштардан тұратын көпдеңгейлі жүйені білдіреді. Ортақ құрамдауыш 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кемінде алты ай еңбек өтілі болған кезде есептеледі және базалық құрамдауышқа Қазақстан Республикасының мемлекеті кепілдік береді және оны «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ (бұдан әрі – «МК») төлейді. Құнсыздануға қарай түзетілген зейнетақының міндетті жинақтаушы құрамдауышына да мемлекет кепілдік береді. Осылайша, Схемадан зейнетақы төлемдеріне құқық туындаған сәтте зейнетақы жинақтарының сомасы құнсыздану деңгейін ескергенде нақты салынған зейнетақы жарналарының мөлшерінен аз болса, мемлекет айырмашылықтың орнын толтыруға кепілдік береді.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

Әрбір салымшының жеке зейнетақы шоты бар, онда түсетін зейнетақы жарналарының сомасы және ұсталатын комиссиялық сыйақы шегерілген зейнетақы активтерін басқарудан түсетін инвестициялық табыс есепке алынады. Есептелетін инвестициялық табыс пен ұсталатын комиссиялық сыйақы сомасы Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес анықталады. Кодексте белгіленген жағдайлар орын алған кезде салымшының зейнетақы төлемдерін өзінің жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының сомасы шегінде алуға құқығы бар.

Салымшы зейнет жасына толғанда Схемадан зейнетақы жинақтарының төлемдері Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы әлеуметтік қорғау туралы заңнамасымен анықталатын кестеге сәйкес жүзеге асырылады.

Салымшы қайтыс болған жағдайда немесе салымшы Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары тұрақты тұруға кеткен кезде салымшының (қайтыс болған жағдайда, мұрагердің) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен зейнетақы жинақтарын алуға құқығы бар.

Салымшы Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес анықталған зейнет жасына толған кезде және оның жеке зейнетақы шотында зейнетақы жинақтары жеткілікті болса, ол өз қалауына орай зейнетақы жинақтарын зейнетақы аннуитеті шартының негізінде сақтандыру ұйымына аудара алады.

Кодекске және Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы №399-VI «Экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының бірқатар заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына сәйкес зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде 2021 жылғы 1 ақпаннан бастап Схема тұрғын үй жағдайын жақсарту және (немесе) емделу ақысын төлеу мақсатында зейнетақы жинақтарының біржолғы төлемдерін жасайды. Схемаға қатысушылар Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалануға өтініш бере алады. 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану үшін ең төменгі жеткіліктілік шегі 2023-2024 жылдармен салыстырғанда өзгерген жоқ. Уәкілетті операторлар – «Отбасы банк» ТҮҚЖБ» АҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Altyn Bank» АҚ және «Банк Фридом Қаржы Қазақстан» АҚ.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 21 желтоқсандағы № 49-VIII «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бірлестіктер және еңбек жағдайы зиянды жұмыспен айналысатын адамдарды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының күшіне енуіне байланысты адамдардың елу бес жасқа толған және олар үшін еңбек жағдайы зиянды жұмыстарда еңбек қызметін тоқтатқан немесе зиянды өндірістік факторлардың әсерін болдырмайтын басқа жұмысқа ауысқан жағдайда, жинап келгенде кемінде сексен төрт ай міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленген кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдеріне құқығы бар.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

2. Есеп саясатының негізгі қағидаттары

Дайындық негіздері

Бұл қаржылық есептілік Схеманың өз қызметін болашақта жалғастырады деген жорамалға қарай дайындалды.

«Қаржылық есептілік беру» ХҚЕС (IAS) 1 сәйкес Схема есептер үшін осы стандартта қабылданғаннан басқаша атаулар пайдалана алады. Схема өзінің пікірінше өз қызметін толықтай көрсететін атауларды таңдап алды.

Сәйкестік туралы мәлімдеме

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілік Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі №195 қаулысымен бекітілген «Зейнетақы активтері бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және ашу» қаржылық есептілік стандартына (бұдан әрі – «ҚЕС») сәйкес дайындалды. ҚЕС Схеманың қаржылық есептілігін есепке алуға және дайындауға қойылатын белгілі бір талаптарды белгілейді және Халықаралық қаржылық есептілік стандартының (бұдан әрі – «ХҚЕС») ҚЕС реттемейтін мәселелер үшін қолданылатынын көздейді. Атап айтқанда, ҚЕС зейнетақы активтерін бухгалтерлік есепке алу, қаржы активтерін бастапқы тану мен кейіннен есепке алу, қаржы активтерін қайта жіктеу мен тануды тоқтату, амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің және басқа қаржы активтерінің құнсыздануы бойынша нормаларды белгілейді және негіздейді, сонымен қатар пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтерінің әділ құнын белгілейді.

Осы қаржылық есептілік егер басқасы көрсетілмеген болса, қазақстандық мың теңгеде (бұдан әрі – «мың теңге») берілді.

Осы қаржылық есептілік төменде түсініктеме берілетін, әрбір есепті күнге амортизацияланған немесе әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы құралдарын қоспағанда, қаржы құралдарын есепке қою құны немесе сатып алу құны бойынша есепке алу қағидатына сәйкес дайындалды.

Функционалдық валюта

Схеманың қаржылық есептілігіне енгізілген баптар Схеманың жұмыс істейтін бастапқы экономикалық орта валютасында («функционалдық валюта») өлшенеді.

Схеманың осы қаржылық есептілігіндегі валюта – қазақстандық теңге («теңге»). Барлық мәндер, егер басқа көрсетілмеген болса, бүтін мың теңгеге дөңгелектенген.

Есеп саясатының бұдан әрі сипатталған ережелерін Схема осы қаржылық есептілікте берілген барлық есепті кезеңдерде жүйелі түрде қолданды.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)

Шетелдік валютадағы операциялар

Схеманың қаржылық есептілігін дайындау кезінде функционалдық валютадан басқа валюталардағы операциялар («шетелдік валюта») операция күніндегі айырбастау бағамы бойынша көрсетіледі. Есепті күнгі жағдай бойынша шетелдік валютамен көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелер есепті күні қолданылған валюта бағамы бойынша функционалдық валютаға аударылады. Шетелдік валютамен көрсетілген ақша активтерімен және міндеттемелермен жасалған операциялардан түскен пайда немесе шығын кезең ішіндегі тиімді мөлшерлеме бойынша есептелген пайыздар мен төлемдер шамасына түзетілген кезең басындағы жағдай бойынша функционалдық валютадағы амортизацияланған құн мен есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша валюта бағамымен қолданыстағы функционалдық валютаға аударылған шетелдік валютамен амортизацияланған құн арасындағы айырманы білдіреді. Әділ құны бойынша бағаланатын шетелдік валютамен көрсетілген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер әділ құнды айқындау күнінде қолданылған валюта бағамдары бойынша функционалдық валютаға аударылады. Шетелдік валютада көрсетілген және нақты шығын бойынша көрсетілген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер операция жасау күнінде қолданылған валюта бағамы бойынша функционалдық валютаға аударылады. Шетелдік валютаға ауыстыру нәтижесінде туындайтын бағамдық айырмашылықтар пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі.

Схема осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланған айырбастау бағамдары мынадай болды:

	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
1 АҚШ доллары	505.53	525.11

Ақша қаражаты және оның баламалары

Ақша қаражаты және оның баламаларына ҚРҰБ-дағы және басқа екінші деңгейдегі банктердегі ақша қаражаты кіреді.

Кері РЕПО операцияларының бастапқы өтеу мерзімі 90 күннен аз және қысқа мерзімді ақшалай міндеттемелерді өтеу үшін сатып алынады, сондықтан олар ақша қаражатының баламалары ретінде жіктеледі.

Банктердегі салымдар инвестициялық мақсатта орналастырылады, сондықтан олар ақша қаражатының баламасы ретінде жіктелмейді.

Қаржы құралдары

Жіктеу

ҚЕС-ке сәйкес Схеманың қаржы активтері:

1. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын;
2. Әділ құны бойынша бағаланатын санаттар бойынша жіктеледі.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

Схеманың қаржы активтерін ҚЕС-пен көзделген екі санаттың біріне жатқызу Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 26 маусымдағы №58 қаулысымен бекітілген Зейнетақы активтерін есепке алу және бағалау қағидасына (бұдан әрі – «Бағалау қағидасы») сәйкес жүзеге асырылады. Салымдар мен дебиторлық берешек, сондай-ақ өтелуінің тіркелген құны бар және Схема міндеттемелеріне сәйкестендіру үшін сатып алынған бағалы қағаздар «амортизацияланған құны бойынша бағаланатын» санатына жіктеледі.

ҚЕС-ке сәйкес аталған санаттар арасында қаржы активтерін қайта жіктеу кез келген уақытта жүзеге асырылады.

ҚЕС-ке сәйкес амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері тікелей осы санаттан сатылуы мүмкін.

Тану

Схема туынды қаржы активтерін қоспағанда, қаржы активтері мен міндеттемелерін Схемаға немесе Схема актив жеткізетін есеп айырысу жүзеге асырылатын күн бойынша есепке алады.

Бағалау

Қаржы активі немесе міндеттемесі бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады. Өзгерістері пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активі немесе міндеттемесі болған жағдайда, бұл қаржы активі немесе міндеттемесі бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады, оған қаржы активін немесе міндеттемесін сатып алуға немесе шығаруға тікелей қатысты мәмілелер бойынша шығындар қосылады.

Активтер болып табылатын туынды қаржы құралдарын қоса алғанда, қаржы активтері бастапқы танылғаннан кейін салымдар, дебиторлық берешек және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарын қоспағанда, сату немесе басқа шығару нәтижесінде келтірілуі мүмкін мәмілелер бойынша қандай да бір шығынды шегерместен олардың әділ құны бойынша бағаланады.

Кезең ішінде пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері және әділ құны бойынша көрсетілген қаржы активінің аударымы тануды тоқтату критерийлеріне жауап бермегенде туындайтын қаржы міндеттемелерін қоспағанда, барлық қаржы міндеттемелері амортизацияланған құны бойынша бағаланады.

Амортизацияланған құны

Қаржы активінің немесе міндеттемесінің амортизацияланған құны жинақталған амортизация, бастапқы танылған құн мен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы айқындалған өтеу кезіндегі құн арасындағы айырма шамасына түзетілген берешектің негізі сомасының төлемдерін шегере отырып, сондай-ақ құнсызданудан болған шығындарды шегере отырып, қаржы активі немесе міндеттемесі бастапқы тану кезінде бағаланған құнды білдіреді. Сыйлықақылардың және дисконттардың шамасы, сондай-ақ мәмілелер бойынша шығын сомасы тиісті құралдың баланстық құнына кіреді және аталған құралдың тиімді пайыздық мөлшерлемесіне қарай амортизацияланады.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)

Әділ құны бойынша бағалау қағидаты

Әділ құн активті сатқан кезде алынуы немесе көрсетілген күні негізгі нарықта немесе ол болмаған жағдайда, Схема кіре алатын анағұрлым пайдалырақ нарықта бағалау күні нарық қатысушылары арасында ұйымдастырылған нарықта жүзеге асырылатын операциялар жағдайында міндеттемелерді берген кезде төленуі мүмкін бағаны білдіреді. Міндеттеменің әділ құны оның орындалмау тәуекелін көрсетеді.

Бұдан былайғы бағалауда өзгерістері кезең ішінде пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің әділ құны Бағалау қағидасына сәйкес анықталады. Сонымен қатар Бағалау қағидасы амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің әділ құнын анықтау үшін қолданылады.

Қазақстан Республикасының резиденттері-ұйымдардың өтімді жай және артықшылықты акцияларын бағалау Биржа әдістемесіне сәйкес анықталатын құн бойынша аптаның бірінші жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша апта сайын жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы резиденттері-ұйымдарының өтімді депозитарлық қолхаттарын бағалау Bloomberg немесе Reuters ақпараттық-талдау жүйелері берген алдыңғы сауда күнінің соңындағы сұраныс бағасы (bid price) бойынша аптаның бірінші жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша апта сайын жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарының жай және артықшылықты акцияларын, депозитарлық қолхаттарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдары шығарған Exchange Traded Funds, Exchange Traded Commodities, Exchange Traded Notes пайларын бағалау Bloomberg немесе Reuters ақпараттық-талдау жүйелері берген алдыңғы сауда күнінің соңындағы сұраныс бағасы (bid price) бойынша аптаның бірінші жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша апта сайын жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының аумағында ғана айналатын (саудаланатын) немесе Қазақстан Республикасының аумағында және халықаралық (шетелдік) нарықтарда айналатын, «әділ құны бойынша бағаланатын» санатына жатқызылған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын бағалау Биржа әдістемесіне сәйкес анықталатын құн бойынша аптаның бірінші жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша апта сайын жүзеге асырылады.

Халықаралық (шетелдік) нарықтарда ғана айналатын (саудаланатын), «әділ құны бойынша бағаланатын» санатына жатқызылған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын бағалау Bloomberg (бағаланатын) санатына жатқызылған борыштық бағалы қағаздарды бағалау Bloomberg (басымдылығына қарай MLIX, BVAL, BGN көздері) немесе Reuters ақпараттық-талдау жүйелері берген алдыңғы сауда күнінің соңындағы сұраныс бағасы (bid price) бойынша аптаның бірінші жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша апта сайын жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының аумағында және халықаралық (шетелдік) нарықтарда айналатын (саудаланатын), «әділ құны бойынша бағаланатын» санатына жатқызылған борыштық бағалы қағаздарды бағалау Bloomberg (басымдылығына қарай MLIX, BVAL, BGN көздері) немесе Reuters ақпараттық-талдау жүйелері берген алдыңғы сауда күнінің соңындағы сұраныс бағасы (bid price) бойынша аптаның бірінші жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша апта сайын жүзеге асырылады.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

Тек халықаралық (шетелдік) нарықтарда айналатын (саудаланатын) және «әділ құны бойынша бағаланатын» санатына жатқызылған борыштық бағалы қағаздарды бағалау Bloomberg (басымдылығына қарай MLIX, BVAL, BGN көздері) немесе Reuters ақпараттық-талдау жүйелері берген алдыңғы сауда күнінің соңындағы сұраныс бағасы (bid price) бойынша аптаның бірінші жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша апта сайын жүзеге асырылады.

Аффинирленген бағалы металдарды бағалау алдыңғы аптаның соңғы жұмыс күні Лондон бағалы металдар нарығы қауымдастығы жүргізетін таңғы сауда сессиясының жабу бағасы бойынша аптаның бірінші жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша апта сайын жүзеге асырылады.

Туынды қаржы құралдарын бағалау Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары ескеріліп әзірленген бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ішкі құжаттарымен көзделген тәртіппен әділ құны бойынша аптаның бірінші жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша апта сайын жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы резиденттері-ұйымдар шығарған пайларды бағалау пайлық инвестициялық қордың басқарушы компаниясы бұқаралық ақпарат құралдарына орналастырған соңғы есептеу құны бойынша аптаның бірінші жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша апта сайын жүзеге асырылады.

«Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын» санатына жатқызылған қаржы құралдарын бағалау амортизацияланған құны бойынша жүзеге асырылады.

Төмендегі қаржы құралдарын бағалау бағалаушы жүргізген бағалау нәтижесі бойынша анықталған осы қаржы құралдарының соңғы әділ құны бойынша жүзеге асырылады:

- бағалаушы бағалаған күні өтімді деп танылмаған Қазақстан Республикасының резиденттері-ұйымдардың акциялары (депозитарлық қолхаттары);
- Қазақстан Республикасының аумағында ғана айналатын (саудаланатын) және «әділ құны бойынша бағаланатын» санатына жатқызылған борыштық бағалы қағаздар;
- бағалаушы бағалаған күні Bloomberg немесе Reuters ақпараттық-талдау жүйелерінде нарықтық бағалар туралы ақпарат жоқ борыштық бағалы қағаздар;
- құрылымдық ноттар;
- басқа қаржы құралдары.

Тәуелсіз бағалау Схеманың зейнетақы активтері есебінен сатып алған және Қор мен бағалаушы арасында жасалған ҚРҰБ және (немесе) Инвестициялық портфельді басқарушы сенімгерлік басқаруындағы қаржы құралдарын тәуелсіз бағалау туралы «Baker Tilly Qazaqstan Advisory» ЖШС-мен жасалған 2025 жылғы 7 ақпандағы №24/127/07-02-25/р /№ВТQA-0025-BV-005 шарт негізінде жүргізілді.

Кейіннен бағалау кезінде туындайтын пайда мен шығын

Әділ құны бойынша бағаланатындар санатына жіктелетін қаржы құралы бойынша пайда немесе шығын пайда немесе шығын туралы есепте пайда немесе шығын арқылы көрсетіледі.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

Амортизацияланған құны бойынша көрсетілген қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша пайда немесе шығын қаржы активін немесе міндеттемесін тану тоқтатылған немесе құнсызданған жағдайда, сондай-ақ тиісті амортизацияны есептеу барысында пайда немесе шығын есебінде көрсетіледі.

Тануды тоқтату

Схема қаржы активін тануды осы қаржы активі бойынша ақша қаражаты ағынына шартта көзделген құқықтан айырылған сәтте не ол қаржы активін осы қаржы активіне меншік құқығына байланысты барлық тәуекел мен пайда іс жүзінде басқа тарапқа беретін немесе Схема осы қаржы активіне меншік құқығына байланысты барлық тәуекел мен пайданың айтарлықтай бөлігін бермейтін, сақтамайты, бірақ қаржы активін бақылауды сақтамайтын мәмілені жүзеге асыру нәтижесінде берген кезде кезде тоқтатады. Тануды тоқтатуға арналған талаптар сақталатын берілген қаржы активтеріндегі Схема құрған немесе сақтаған кез келген қатысу үлесі таза зейнетақы активтері туралы есепте бөлек актив немесе міндеттеме ретінде танылады. Схема қаржы міндеттемелерін тануды ол бойынша шарттық міндеттемелер орындалған, күшін жойған немесе тоқтатылған кезде тоқтатады.

Схема құнсыздану немесе әділ құнды түзету нәтижесінде бағалы қағаз құны нөлге тең деп таныған күннен бастап 180 күн өткен соң активтерді есептен шығарады.

Қаржы активтерімен операциялар бойынша таза пайда

Пайда мен шығын туралы есеп құрамына енгізілген қаржы активтерімен операциялар бойынша таза пайда пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтерімен операциялар бойынша таза пайдамен, сондай-ақ амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерімен операциялар бойынша таза пайдамен берілді.

Кері РЕПО операциялары

Кері сату міндеттемесімен сатып алу туралы келісімдер аясында сатып алған бағалы қағаздар «Кері репо операциялары» бабында көрсетіледі. Сатып алу бағасы мен кері сату бағасының арасындағы айырмашылық пайыздық табысты білдіреді және кері репо операциялары қолданылатын кезең үшін есептеледі.

Шетелдік ұйымдардың инвестициялық басқаруындағы активтер

2018 жылғы 6 наурыздағы, 2019 жылғы 30 қаңтардағы, 2019 жылғы 7 қарашадағы, 2020 жылғы 27 шілдедегі, 2021 жылғы 25 ақпандағы, 2021 жылғы 24 маусымдағы, 2021 жылғы 25 қарашадағы, 2022 жылғы 8 қарашадағы, 2024 жылғы 20 ақпандағы және 2024 жылғы 21 қазандағы шарттарға сәйкес ҚРҰБ басқа тұлғаға («басқарушы») инвестициялық басқаруға берген зейнетақы активтерін есепке алу Схеманың есепке алу жүйесінде әр шетелдік басқарушы бойынша жалпы сомада Схеманың шетелдік кастодианының есептері негізінде әр қаржы құралының бөлігінде талданбай жүзеге асырылады.

Зейнетақы активтері құнының өзгеруі пайда мен шығын туралы есепте шетелдік ұйымның инвестициялық басқаруындағы активтер бойынша пайда/шығын ретінде көрсетіледі.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

Шетелдік ұйымның инвестициялық басқаруындағы қаржы активтерін қайта бағалау шетелдік ұйымдардың соңғы қолжетімді есептері негізінде кемінде айына 1 (бір) рет жүзеге асырылады. Шетелдік ұйымдардың инвестициялық басқаруындағы активтердің әділ құнының өзгеруінен таза пайда Схеманың ғаламдық шетелдік кастодианы ұсынатын активтердің нарықтық құны туралы есептер негізінде есеп және есептеу жүргізілетін айдың бірінші күнінің басына есептеледі.

РЕПО мәмілелері бойынша міндеттемелер

Кері сатып алу міндеттемесімен сату туралы келісімдер аясында берілген бағалы қағаздар «РЕПО мәмілелері бойынша міндеттемелер» бабында көрсетіледі. Сатып алу бағасы мен кері сату бағасының арасындағы айырмашылық пайыздық табысты білдіреді және РЕПО мәмілелері қолданылатын кезең үшін есептеледі.

Құнсыздану

Қаржы активтерінің құнсыздануының объективті айғақтары эмитент жол берген міндеттемелерді орындамауды (дефолт) немесе төлемдер мерзімін кешіктіруді, эмитенттің банкрот болуын немесе таратылуын қамтуы мүмкін.

Дефолт болған кезде және (немесе) эмитент дефолт жариялаған және (немесе) эмитент банкрот болған және (немесе) таратылған жағдайларда, Схема ҚРҰБ мен Инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруындағы қаржы активтері бойынша:

- ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы қаржы құралдары бойынша «амортизацияланған құны бойынша бағаланатын» санатынан «әділ құны бойынша бағаланатын» санатына қайта жіктеу;
- бағалаушы жүргізген бағалау нәтижесі бойынша осы қаржы құралдарының соңғы әділ құны анықталған күннен кейін бағалаушы бағалайтын қаржы құралдары бойынша осы қаржы құралдарының құнын бағалаушы жүргізген бағалау нәтижесі бойынша олардың әділ құны анықталған сәтке дейін олардың ағымдағы құнынан 50% мөлшерінде азайту;
- банктік салымдар мен дебиторлық берешек бойынша олардың ағымдағы құнынан 50% мөлшерінде резервтер (провизиялар) құру жүргізеді.

Дефолт болған күннен бастап 180 күн өткен соң банктік салымдар мен дебиторлық берешек бойынша міндеттемелер толық көлемде орындалмаған жағдайда, олардың ағымдағы құнынан 100% мөлшерінде резервтер (провизиялар) құру.

Қаржы құралдарының құнсыздануынан болатын мүмкін шығынға қарсы резервтер (провизиялар) мөлшері немесе қаржы құралдар құнын азайту мөлшері қаржы құралдарының құнсыздануынан болатын мүмкін шығынды жабу үшін құрылған резервтер (провизиялар) сомасына немесе есептеу күніне осы қаржы құралдарының құнын бұрын жүргізілген азайту сомасына көбейтілген қаржы құралдарының ағымдағы құнынан есептеледі.

Барлық құнсыздану шығыны пайда мен шығын туралы есепте танылады.

Салық салу

Схемадан пайдаға салынатын салық алынбайды.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

Кіріс пен шығысты тану

Пайыздық кірістер тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланып, пайда мен шығын туралы есепте танылады. Пайыздық кіріс 180 күннен астам бұрын дефолт жасаған эмитенттің бағалы қағаздары бойынша танылмайды.

Кезең ішінде пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша есептелген дисконт пен сыйлықақы пайда құрамында пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарымен жасалған операциялардан болған шығын шегеріліп танылады.

Дивидендтік кіріс дивидендтер мөлшері сенімді бағалануы мүмкін дивидендтер жарияланған күннен кейін пайда мен шығын туралы есепте көрсетіледі.

Комиссиялық шығыстар

Комиссиялық шығыстар Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 7 маусымдағы №50 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының комиссиялық сыйақы алу қағидасына сәйкес қызметтерді көрсету кезеңі ішінде есептеу әдісі бойынша көрсетіледі. Комиссиялық шығыстарды есептеу тәртібі 8-ескертуде барынша нақты көрсетілген.

Салымшылардың жарналары, зейнетақы аударымдары және зейнетақы жинақтарының төлемдері

Зейнетақы жарналары Схеманың кастодиан шотына түскен кезде есепке алынады. Зейнетақы жинақтарының төлемдері және аударымдары Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес салымшының талабы бойынша Схемада зейнетақы жинақтарының төлемі немесе аударымы бойынша міндеттемесі туындаған кезінде көрсетіледі.

3. Елеулі жорамалдар мен бағалаудағы белгісіздік көздері

Схеманың есеп саясатын қолдану барысында басшылық басқа көздерден айқын болып табылмайтын активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына қатысты болжамдар, бағалаулар және жорамалдар жасауы қажет. Бағалау мәндері мен олардың негізінде жатқан жорамалдар нақты жағдайларда орынды деп саналатын бұрынғы тәжірибе мен басқа факторларға ақарай құрылады. Нақты нәтижелер берілген бағалаулардан басқаша болуы мүмкін.

Бағалаулар мен оларға байланысты жорамалдар жүйелі түрде қайта қаралады. Бағалаудағы өзгерістер егер өзгеріс тек осы кезеңге әсер етсе, баға қайта қаралған кезеңде көрсетіледі не бағалау қайта қаралған кезеңде көрсетіледі және егер өзгеріс ағымдағы және келешек кезеңдерге әсер ететін болса, болашақ кезеңдерде көрсетіледі.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

Әділ құны бойынша бағалау және бағалау рәсімі

Схема активтері мен міндеттемелерінің бір бөлігі әділ құны бойынша бағаланды. Активтерді немесе міндеттемелерді әділ құны бойынша бағалау кезінде Схема қолжетімді бақыланатын нарықтық деректерді қолданады. 1-ші және 2-деңгейлердің бастапқы деректері болмаған кезде Схема тәуелсіз бағалаушыларды жұмылдырады. Активтер мен міндеттемелердің әділ құнын анықтау үшін қолданылатын бағалау әдістері мен бастапқы деректер туралы ақпарат 19-ескертуде ашылды.

Қаржы құралдарының әділ құнын бағалау туралы ақпаратты ашу

Схема басшылығы белгілі бір активке немесе міндеттемеге қатысты мәмілелер тұрақты түрде бағалар туралы ақпарат алу үшін жеткілікті жиілікте және жеткілікті көлемде жүзеге асырылатын нарықты белсенді деп санайды, бұл ретте белсенді нарықтың ағымдағы бағалары туралы ақпарат жалпыға қолжетімді болады.

Схема үшін қаржы құралының түріне қарай белсенді нарық критерийлері белгіленген. Белсенді нарық критерийлері нақты бақыланатын және бұрмаланбаған нарықтық деректерге, сонымен қатар ақпарат жалпыға қолжетімді құралдардың сандық көрсеткіштеріне негізделген, бұл қаржы құралдарының әділ құнын анықтау дұрыстығын бағалауға мүмкіндік береді. Белсенді нарық критерийлеріндегі ең үлкен басымдылық баға белгілеулерінде.

Активтер мен міндеттемелердің әділ құнын анықтау үшін пайдаланылған бағалау әдістері мен бастапқы деректер туралы ақпарат 19-ескертуде ашылған.

Ағымдағы жылға қатысты күшіне енген ХҚЕС бухгалтерлік есептің жаңа және түзетілген стандарттары

Ағымдағы жылы Схема ХҚЕС кеңесі шығарған ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына бірқатар түзетулер енгізді, олар міндетті түрде 2025 жылдың 1 қаңтарынан басталатын немесе осы күннен кейінгі есепті кезең үшін күшіне енеді. Оларды қолдану ақпаратты ашуға немесе осы қаржылық есептілікте ұсынылған сомаларға айтарлықтай әсер еткен жоқ.

«Валюта бағамдары өзгерістерінің әсері»: «Валюта айырбастау мүмкіндігінің болмауы» 21 ХҚЕС (IAS) түзетулері

Схема 21 ХҚЕС (IAS) түзетулерін ағымдағы жылы алғаш рет қолданды. Түзетулер валюта айырбастау мүмкіндігін қалай бағалау керектігін және егер мүмкін болмаса, айырбастау бағамын қалай анықтау керектігін көрсетеді.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)

Шығарылған, бірақ күшіне енбеген ХҚЕС бухгалтерлік есептің жаңа және қайта қаралған стандарттары

Осы қаржылық есептілікті бекіту сәтінде Схема шығарылған, бірақ күшіне енбеген мынадай жаңа және қайта қаралған ХҚЕС қолданған жоқ:

ХҚЕС (IFRS) 9 және ХҚЕС (IFRS) 7 түзетулері
ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарын жыл сайынғы жетілдіру – 11-том

«Қаржы құралдарын жіктеу және бағалау» туралы ережелерге түзетулер
ХҚЕС (IFRS) 1 «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолдану»;
ХҚЕС (IFRS) 7 «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу», сонымен қатар ілеспе «ХҚЕС (IFRS) 7 енгізу нұсқаулығы»; ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары»; ХҚЕС (IAS) 7 «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» түзетулері.
«Табиғи жағдайларға байланысты электр энергиясымен байланысты шарттар»
«Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашу»

ХҚЕС (IFRS) 9 және ХҚЕС (IFRS) 7 түзетулері
ХҚЕС (IFRS) 18

Схема жаңа және қайта қаралған стандарттар мен жаңа түсіндірмелерді күшіне енген күннен бастап қолданады. Схема басшылығы ХҚЕС (IFRS) 18 қоспағанда, жаңа және қайта қаралған ХҚЕС деректерін қолдану Схеманың қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етеді деп күтпейді. Болашақ кезеңдердегі Схеманың қаржылық есептілігіне ХҚЕС (IFRS) 18 әсерін басшылық талдауда.

4. Таза пайыздық кіріс

	2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен міндеттемелері:		
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері	739,271,395	491,168,371
Банктердегі салымдар	92,612,961	72,214,864
Кері РЕПО операциялары	6,425,882	18,661,422
Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша таза пайыздық кіріс жиыны	838,310,238	582,044,657
Әділ құны бойынша қаржы активтері:		
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	1,140,042,126	976,549,765
Әділ құны бойынша қаржы активтерінің пайыздық кіріс жиыны	1,140,042,126	976,549,765
РЕПО мәмілелері бойынша міндеттемелер	(11,633,265)	-
РЕПО мәмілелері бойынша міндеттемелер жиыны	(11,633,265)	-
Таза пайыздық кіріс жиыны	1,966,719,099	1,558,594,422

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)

5. Дивидендтік кіріс

	2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Акциялар:		
«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ депозитарлық қолхаттары	15,064,341	15,509,620
«KEGOC» АҚ жай акциялары	3,097,851	3,080,809
«Эйр Астана» АҚ жай акциялары	1,246,824	-
«ForteBank» АҚ жай акциялары	1,026,931	598,671
«Атамекен-Агро» АҚ артықшылықты акциялары	994,000	994,000
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ жай акциялары	984,038	675,058
«ҚазТрансОйл» АҚ жай акциялары	904,855	687,349
«Fincraft Resources» АҚ артықшылықты акциялары	262,977	262,977
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ депозитарлық қолхаттары	111,074	81,623
«Эйр Астана» АҚ депозитарлық қолхаттары	34,590	-
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ жай акциялары	7,879	-
«Нұрбанк» АҚ артықшылықты акциялары	-	29,606
«Қазақтелеком» АҚ жай акциялары	-	2,983
Басқа шетелдік эмитенттер	108,077	180,694
Дивидендтік кіріс жиыны	23,843,437	22,103,390

6. Қаржы активтерімен операциялар бойынша таза (шығын)/пайда

	2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтерімен операциялар бойынша таза (шығын)/пайда	(498,297,663)	207,593,987
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерімен операциялар бойынша таза шығын	(149)	(2,577,959)
Қаржы активтерімен операциялар бойынша таза (шығын)/пайда жиыны	(498,297,812)	205,016,028

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

	2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Қаржы активтерімен операциялар бойынша таза пайда/(шығын)		
«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ	97,516,768	2,814,389
АҚШ Үкіметі	72,128,589	(18,592,314)
«Банк ЦентрКредит» АҚ	13,171,017	5,866,509
Мексика Құрама Штаттары Үкіметі	12,486,747	(8,884,338)
Колумбия Республикасы Үкіметі	8,186,752	(5,391,186)
Панама Республикасы Үкіметі	6,862,741	(1,873,818)
Индонезия Республикасы Үкіметі	5,362,875	(6,467,604)
Бразилия Үкіметі	5,354,347	(4,405,487)
Румыния Үкіметі	4,202,771	(3,717,323)
Сауд Арабиясы Үкіметі	3,689,718	(4,129,066)
Филиппины Республикасы Үкіметі	3,446,240	(2,702,790)
Перу Республикасы Үкіметі	3,401,018	(1,740,177)
Оман Сұлтанатының Үкіметі	2,929,375	(887,310)
Израиль Үкіметі	2,014,489	(854,511)
Korea Development Bank	1,898,404	(255,946)
Чили Республикасы Үкіметі	1,812,482	(1,253,625)
CODELCO INC	1,802,057	(277,749)
Катар Үкіметі	1,715,838	(3,154,072)
Парагвай Республикасы Үкіметі	1,576,457	(802,109)
«Эйр Астана» АҚ	1,502,850	(5,988,611)
Венгрия Үкіметі	1,440,658	(1,862,760)
«КазТрансОйл» АҚ	1,415,690	(309,357)
Польша Республикасы Үкіметі	1,347,105	(963,959)
PERUSAHAAN LISTRIK NEGAR	1,245,268	(1,348,448)
Азия Даму Банкі	1,236,666	(244,808)
Swedish Export Credit Corporation	1,066,595	(270,372)
AIRPORT AUTHORITY HK	1,054,643	-
Bank Gospodarstwa Krajow	995,295	(226,847)
«Қазақстанның Тұрғын үй Компаниясы» АҚ	948,577	-
Шарджа Әмірлігінің Үкіметі	919,009	(535,490)
Masdar ABU DHABI	882,442	(524,257)
Марокко Корольдігінің Үкіметі	854,915	(949,056)
EXPORT-IMPORT BANK KOREA	810,722	(451,056)
OPEC Fund for International Development	803,692	(60,739)
Saudi Electricity Sukuk	745,105	(283,377)
NBN CO LTD	740,512	(662,335)
ADNOC MURBAN RSC LTD	732,981	(247,991)
Inter-American Investment Corporation	704,853	(291,391)
Гватемала Республикасы Үкіметі	671,444	(247,955)
Сербия Республикасы Үкіметі	658,427	(230,567)
KSA SUKUK LTD (Сауд Арабиясы Үкіметі)	643,965	(29,045)
«Кселл» АҚ	332,015	19,978,780
«Атамекен-Агро» АҚ	(10,038,518)	3,567,847
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	(12,563,651)	2,281,434
«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ	(34,826,798)	22,420,265
«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ	(51,743,989)	-
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	(673,341,851)	229,923,620
Басқа	12,904,881	(718,970)
Қаржы активтерімен операциялар бойынша таза (шығын)/пайда жиыны	(498,297,812)	205,016,028

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)

7. Шетелдік валютамен жасалған операциялар бойынша таза (шығын)/пайда

	2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Бағам айырмашылығы, нетто	(166,103,591)	579,710,576
Сауда операциялары, нетто	(777,285)	(422,148)
Шетелдік валютамен жасалған операциялар бойынша таза (шығын)/пайда жиыны	(166,880,876)	579,288,428

8. Комиссиялық шығыстар

	2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Инвестициялық кіріс бойынша комиссиялық шығыстар	26,925,854	51,433,543
Зейнетақы активтері бойынша комиссиялық шығыстар	21,115,913	18,621,786
Комиссиялық шығыстар жиыны	48,041,767	70,055,329

2025 жылы инвестициялық кірісі бойынша ҚРҰБ-ға 899,831 мың теңге сомасына теріс комиссиялық сыйақы өтеу ескеріліп есептелген 26,597,835 мың теңге сомасына (2024 жыл: 50,932,739 мың теңге), Инвестициялық портфельді басқарушыға 328,019 мың теңге сомасына (2024 жыл: 500,804 мың теңге) комиссиялық шығыс есептелді.

2025 жылы Қор зейнетақы Схемасы активтерінің сомасынан айына орташа 0.0075% мөлшерінде комиссиялық шығыс есептеді (2024 жыл: 0.0079%).

Кодекске сәйкес 2025 жылға Комиссиялық шығыстар зейнетақы Схемасы сомасынан айына 0.008% мөлшерінде есептеледі, бірақ республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын 0.04 еселенген айлық есептік көрсеткіштің және 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілген Қазақстан Республикасы Кодексінің 58-бабына сәйкес тиісті күнтізбелік айдың 1-індегі жағдай бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында ашылған міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары бар жеке зейнетақы шоттары санынның көбейтіндісі ретінде айқындалатын шамадан аспайды.

Есеп ай сайын жасалады және есептеу үшін есеп жүргізілетін және комиссиялық сыйақы есептелетін айдың бірінші күнінің басындағы жағдай бойынша зейнетақы Схемасы активтерінің ағымдағы құны пайдаланылады. Есепте Бағалау қағидасына сәйкес есептелген Схеманың зейнетақы активтерінің құны қолданылады.

ҚРҰБ сенімгерлік басқаруына берілген Схеманың зейнетақы активтері бойынша инвестициялық кіріс сомасынан комиссиялық шығыстың пайыздық мөлшерлемесі 2025 жылға ҚРҰБ Басқармасының 2024 жылғы 30 қазандағы №62 қаулысына сәйкес 1.5% (2024 жылы: 1.5%) мөлшерінде белгіленді.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

2025 жылға Инвестициялық портфельді басқарушының инвестициялық кіріс сомасынан комиссиялық шығысының пайыздық мөлшерлемелері 2024 жылғы 20 қарашадағы №20/11/24-01 «Alatau City Invest» АҚ, 2024 жылғы 27 қарашадағы №17/24-3 «Halyk Global Markets» АҚ, 2024 жылғы 12 қарашадағы № н/ж және 2025 жылғы 27 қаңтардағы № н/ж «Сентрас Секьюритиз» АҚ, 2024 жылғы 20 қарашадағы №32/24 «Halyk Finance» Қазақстан Халық Банкі ЕҰ», 2023 жылғы 20 қарашадағы №67 «BCC Invest» АҚ инвестициялық комитеті отырысының шешімі және 2024 жылғы 27 қарашадағы №11/27 «BCC Invest» АҚ Басқармасының шешімі негізінде белгіленді.

Схема 2025 жылы Схема зейнетақы активтері бойынша инвестициялық кірістен 1.5% (2024 жылы: 1.5%) мөлшерінде ҚРҰБ, 7.0% (2024 жылы: 7.0%) мөлшерінде «Halyk Global Markets» АҚ, 5.00% (2024 жылы: 5.00%) мөлшерінде «Alatau City Invest» АҚ, 6.0% (2024 жылы: 7.0%) мөлшерінде «BCC Invest» АҚ, 1.0% (2024 жылы: 7.5%) мөлшерінде «Сентрас Секьюритиз» АҚ, 5.0% (2024 жылы: 5.0%) мөлшерінде «Halyk Finance» Қазақстан Халық Банкі ЕҰ» АҚ есебіне комиссиялық шығыс жазды. ҚРҰБ және Инвестициялық портфельді басқарушы тікелей Схемадан Схеманың инвестициялық кірісінен комиссиялық сыйақы алады.

Инвестициялық кірістен комиссиялық шығыс есептеу мен есепке жазу күн сайын жүргізіледі және Схеманың зейнетақы активтерінен күнделікті инвестициялық кіріс пайдаланылады.

9. Ақша қаражаты және оның баламалары

	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі ағымдағы шоттар	59,803,202	106,744,783
Кері РЕПО операциялары	11,611,012	20,036,952
«Alatau City Bank» АҚ-дағы ағымдағы шоттар	1,759,043	85,441
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дағы ағымдағы шоттар	91,877	83,419
Ақша қаражаты және оның баламаларының жиыны	73,265,134	126,950,595

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

2025 және 2024 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мерзімі өткен немесе құнсызданған ақша қаражаты және оның баламалары жоқ. Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп мақсаттары үшін ақша қаражаты және оның баламаларының жиыны қосылды: Кері РЕПО операциялары былайша ұсынылды:

	2025 жылғы 31 желтоқсан Баланстық құны	2025 жылғы 31 желтоқсан Кепілзаттық қамтамасыз етудің әділ құны	2024 жылғы 31 желтоқсан Баланстық құны	2024 жылғы 31 желтоқсан Кепілзаттық қамтамасыз етудің әділ құны
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ акциялары	5,910,135	5,934,346	-	-
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары	2,859,055	2,767,661	1,941,582	1,890,415
«ҚазТрансОйл» АҚ акциялары	2,441,824	2,402,245	-	-
«Кселл» АҚ акциялары	399,998	401,435	307,692	307,130
«KASE клирингілік орталық» АҚ клирингілік қатысу сертификаттары	-	-	16,006,572	16,000,000
«Қазақстанның тұрақтылық қоры» АҚ облигациялары	-	-	1,349,950	1,326,872
«Банк ЦентрКредит» АҚ акциялары	-	-	431,156	444,153
Кері РЕПО операцияларының жиыны	11,611,012	11,505,687	20,036,952	19,968,570

10. Банктердегі салымдар

	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
ҚРҰБ	1,116,706,845	696,908,333
Банктердегі салымдар жиыны	1,116,706,845	696,908,333

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банктердегі салымдардың құрамына 350,000 мың теңге сомасына есептелген пайыздық кіріс енгізілді (2024 жылғы 31 желтоқсан: 508,333 мың теңге).

11. Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтері

	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтері:		
Борыштық бағалы қағаздар	10,668,613,259	11,602,078,384
Үлестік бағалы қағаздар	498,409,738	390,674,506
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтерінің жиыны	11,167,022,997	11,992,752,890

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)

	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Борыштық бағалы қағаздар		
Мемлекеттік облигациялар		
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары	4,459,367,924	6,883,247,016
АҚШ Үкіметінің облигациялары	2,798,482,387	2,171,395,756
Мексика Құрама Штаттары Үкіметінің облигациялары	152,369,212	150,326,111
Индонезия Республикасы Үкіметінің облигациялары	118,829,551	116,032,141
Сауд Арабиясы Үкіметінің облигациялары	83,094,265	55,690,984
Бразилия Үкіметінің облигациялары	80,703,045	79,424,334
Колумбия Республикасы Үкіметінің облигациялары	78,031,743	78,400,033
Бразилия Үкіметінің облигациялары	70,495,352	65,403,054
Оман Сұлтанаты Үкіметінің облигациялары	60,021,125	76,439,321
Румыния Үкіметінің облигациялары	58,177,702	53,212,118
Панама Республикасы Үкіметінің облигациялары	49,660,243	49,705,732
Перу Республикасы Үкіметінің облигациялары	48,997,178	45,521,247
Израиль Үкіметінің облигациялары	46,488,723	27,817,059
Катар Үкіметінің облигациялары	40,729,777	25,159,261
Чили Республикасы Үкіметінің облигациялары	31,938,198	25,794,631
Польша Республикасы Үкіметінің облигациялары	28,500,412	9,668,840
Шарджа Әмірлігі Үкіметінің облигациялары	24,865,174	31,872,700
Басқа мемлекеттік облигациялар	187,863,135	137,999,632
Мемлекеттік облигациялар жиыны	8,418,615,146	10,083,109,970
	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Корпоративтік облигациялар		
«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ	665,372,419	433,699,267
«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ	262,791,684	-
«Отбасы банк» Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ	244,970,324	60,463,377
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	182,546,621	149,048,227
Korea Development Bank	73,532,418	47,698,089
«Bank RBK» банкі» АҚ	58,248,832	81,321,531
OPEC Fund for International Development	56,315,379	30,906,314
Swedish Export Credit Corporation	37,227,855	64,289,898
Азия Даму Банкі	35,677,630	26,079,071
Saudi Electricity Sukuk	31,543,974	53,270,653
EXPORT-IMPORT BANK KOREA	30,852,867	31,199,455
Еуразия Даму Банкі	26,884,338	28,438,251
AIRPORT AUTHORITY HK	26,432,163	-
Korea Electric Power Corporation	26,133,029	-
KOREA HOUSING-FINANCE CORPORATION	26,099,914	26,795,740
Central American Bank for Economic Integration	26,096,414	26,762,173
CODELCO INC	25,888,502	33,643,923
Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкі	24,651,885	101,111
Masdar ABU DHABI	23,714,129	21,243,259
PERUSAHAAN LISTRIK NEGAR	23,581,630	28,536,075
Inter-American Investment Corporation	23,468,659	23,654,042
CPPIB CAPITAL INC	20,732,173	21,295,083
NBN CO LTD	20,470,061	20,518,294
Басқа корпоративтік облигациялар	276,765,213	310,004,581
Корпоративтік облигациялар жиыны	2,249,998,113	1,518,968,414
Борыштық бағалы қағаздар жиыны	10,668,613,259	11,602,078,384

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)

	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Үлестік бағалы қағаздар		
«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ депозитарлық қолхаттары	340,917,690	244,030,581
«Кселл» АҚ жай акциялары	47,790,125	47,458,110
«KEGOC» АҚ жай акциялары	28,863,014	29,117,681
Қазақстан Республикасының басқа эмитенттері	69,307,624	59,727,074
Басқа шетелдік эмитенттер	11,531,285	10,341,060
Үлестік бағалы қағаздар жиыны	498,409,738	390,674,506
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтерінің жиыны	11,167,022,997	11,992,752,890

Кодекске және Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы №399-VI «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсімді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына сәйкес Схема Зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы жасалған шарттардың негізінде Инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына зейнетақы активтерін бере алады.

	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтері		
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі	11,091,936,142	11,931,731,914
«Halyk Finance» АҚ	41,469,225	40,128,745
«Alatau City Invest» АҚ	13,899,433	10,360,416
«BCC Invest» АҚ	9,946,811	5,017,508
«Halyk Global Markets» АҚ	6,267,209	3,950,379
«Сентрас Секьюритиз» АҚ	3,504,177	1,563,928
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтерінің жиыны	11,167,022,997	11,992,752,890

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтерінің құрамына 417,749,879 мың теңге сомасына есептелген пайыздық кіріс енгізілді (2024 жылғы 31 желтоқсан: 508,117,727 мың теңге).

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарияланған, бірақ төленбеген дивидендтер – 370 мың теңге (2024 жылғы 31 желтоқсан: 32,866 мың теңге). Осы қаржылық есептілік шығарылған күнге жарияланған, бірақ төленбеген дивидендтер сомасы өтелді. Сона 2026 жылғы 19 ақпанда толығымен өтелді.

2025 жылғы 30 желтоқсанда Схема инвестициялық портфельді басқарушысы «Halyk Global Markets» АҚ-дан 2021 жылғы 18 ақпандағы №17/6/18-02-21/П Зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шартты инвестициялық портфельді басқарушының бастамасы бойынша бұзу туралы хабарлама алды. Заңнама талаптарына сәйкес Шарт инвестициялық портфельді басқарушының бастамасы бойынша 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қоса алғанда 31 желтоқсанға дейін - ол жасалған күннен бастап кемінде бір толық күнтізбелік жыл өткен соң бұзылуы мүмкін.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)

12. Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері

	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері		
Мемлекеттік облигациялар	6,486,651,694	2,458,393,500
Корпоративтік облигациялар	1,798,584,902	2,479,668,693
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің жиыны	8,285,236,596	4,938,062,193
	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Мемлекеттік облигациялар:		
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары	6,479,235,624	2,450,657,697
Филиппины Республикасы Үкіметінің облигациялары	4,409,133	4,570,698
Мексика Құрама Штаттары Үкіметінің облигациялары	3,006,937	3,165,105
Мемлекеттік облигациялар жиыны	6,486,651,694	2,458,393,500
	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Корпоративтік облигациялар:		
«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдинг» АҚ	616,924,923	723,027,986
«ҚТЖ» АҚ	249,298,185	249,502,342
Еуропалық Қайта құру және Даму банкі	220,211,219	248,363,327
«Қазақстан Даму банкі» АҚ	150,176,888	167,001,135
«Қазақстанның тұрақтылық қоры» АҚ	147,145,245	147,145,245
«АстанаГаз КМГ» АҚ	96,041,397	96,041,397
«Bank RBK» АҚ	81,551,014	81,232,600
«KEGOC» АҚ	69,931,090	69,669,088
«Alatau City Bank» АҚ	38,603,427	122,923,471
Басқа корпоративтік облигациялар	128,701,514	574,762,102
Корпоративтік облигациялар жиыны	1,798,584,902	2,479,668,693
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің жиыны	8,285,236,596	4,938,062,193

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің құрамына 505,891,221 мың теңге сомасына есептелген пайыздық кіріс енгізілді (2024 жылғы 31 желтоқсан: 173,383,445 мың теңге).

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)

13. Шетелдік ұйымдардың инвестициялық басқаруындағы активтер

ҚРҰБ Басқармасының 2020 жылғы 15 маусымдағы №78 қаулысымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы активтерін басқаратын шетелдік ұйымдарды таңдау қағидасына, сонымен қатар оларға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы активтерін басқаруға қажет іс-әрекет жасауды тапсыру кезінде қойылатын талаптарға» сәйкес 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Шетелдік ұйымдармен инвестициялық басқару туралы келісім жасалды.

	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Шетелдік ұйымдардың инвестициялық басқаруындағы активтер:		
PGIM Limited	638,263,662	622,993,526
HSBC Global Asset Management (UK) Limited	637,308,725	574,469,944
Principal Global Investors (Europe) Limited	627,936,690	613,026,778
PIMCO Asia Pte Ltd Corp	568,941,060	551,937,010
UBS Asset Management (UK) Ltd	501,651,905	454,121,807
Blackrock Financial Management, Inc.	458,718,751	402,402,567
Robeco Institutional Asset Management B.V.	422,114,169	361,947,956
Invesco Asset Management Deutschland GmbH	412,130,341	355,972,294
Aviva Investors Global Services Limited	283,570,207	268,046,148
BlackRock Investment Management (UK) Limited	263,690,315	233,718,781
PIMCO Asia Pte Ltd EMD	242,626,195	230,995,260
TCW Asset Management Company LLC	195,410,589	131,383,558
Шетелдік ұйымдардың инвестициялық басқаруындағы активтер жиыны	5,252,362,609	4,801,015,629

2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін шетелдік ұйымдардың инвестициялық басқаруындағы активтер бойынша таза пайда – 451,346,979 мың теңге (2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 1,039,722,711 мың теңге).

14. РЕПО мәмілелері бойынша міндеттемелер

	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
РЕПО мәмілелері бойынша міндеттемелер	675,122,845	-
РЕПО мәмілелері бойынша міндеттемелер жиыны	675,122,845	-

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша РЕПО мәмілелері бойынша кепізаттық қамтамасыз ету ретінде берілген активтердің баланстық және әділ құны мынадай:

	2025 жылғы 31 желтоқсан Баланстық құн	2025 жылғы 31 желтоқсан Әділ құн	2025 жылғы 31 желтоқсан Баланстық құн	2025 жылғы 31 желтоқсан Әділ құн
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары	675,122,845	613,005,030	-	-
РЕПО мәмілелері бойынша міндеттемелер жиыны	675,122,845	613,005,030	-	-

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» Акционерлік Қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)

15. Салымшылардың жарналары

	2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Міндетті зейнетақы жарналары	2,659,373,148	2,441,327,352
Тұрғын үй жағдайын жақсартуға және (немесе) емделу ақысын төлеуге бұрын жасалған төлемнің пайдаланылмаған сомасын қайтару	192,072,683	93,358,416
Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары	133,369,104	113,608,050
Зейнетақы жарналарын уақытылы аудармау үшін өсімпұл	5,037,574	5,513,612
Ерікті зейнетақы жарналары	2,318,137	3,072,157
Сақтандыру ұйымынан зейнетақы жинақтарының сомаларын қайтару	1,694,962	6,125,661
Басқа түсімдер	262,945	329,845
Салымшылар жарналарының жиыны	2,994,128,553	2,663,335,093

16. Зейнетақы жинақтарының төлемі

